3	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	9 мая көшесі,7	РМ-10 қалқыма бөлшектер, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкірт диоксиді,күкіртті сутегі,аммиак, көмір сутегісінің сомасы, метан



5.2-сурет. Риддер қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (сурет 5.2) қаланың атмосфералық ауасының ластану деңгейі **көтеріңкі** болып сипатталады, ол №3 бекеті (9 мая к., 7) аумағында күкірт диоксиді бойынша $СИ=1,8$ (көтеріңкі деңгей), $ЕЖҚ=1\%$ (көтеріңкі деңгей) мәндерімен анықталды.

Озонның орташа шоғыры – $1,3 ШЖШ_{от}$. басқа ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір реттік шоғырлары: күкірт диоксиді – $1,8 ШЖШ_{м.б.}$, күкіртті сутек – $1,4 ШЖШ_{м.б.}$ басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-тен аспады. (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.

5.3 Семей қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (5.3-сур., 5.3-кесте).

5.3-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Рысқұлов пен Глинка көшелерінің қиылысы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді, азот диоксиді
4			343 квартал (балабақша ауданы)	қалқыма бөлшектер (шаң), көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Найманбаев көшесі, 189	азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкір диоксиді,күкіртті сутегі,аммиак, көмір сутегісінің сомасы, метан

3			Аэрологиялық станция, 1	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкірт диоксиді, күкіртті сутегі, аммиак
---	--	--	-------------------------	---



5.3-сурет. Семей қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (сурет 5.3) қаланың атмосфералық ауасының ластану деңгейі *көтеріңкі* болып сипатталады, №1 бекеті (Найманбаев к., 189) аумағында күкіртті сутегі бойынша СИ=2,5 (көтеріңкі деңгей), №4 бекеті (343 квартал к., 13/2) аумағында фенол бойынша ЕЖҚ=2% (көтеріңкі деңгей) мәндерімен анықталды.

Орташа шоғырлар бойынша: озон – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, фенол – 1,4 ШЖШ_{м.б.} басқа ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір-реттік шоғырлары бойынша: күкірт диоксиді – 1,8 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 2,1 ШЖШ_{м.б.}, озон – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутек – 2,5 ШЖШ_{м.б.} фенол – 1,9 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-тен аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.

5.4 Глубокое кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (5.4-сур., 5.4-кесте).

5.4-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет	Сынама	Бақылау	Бекет мекен-	Анықталатын қоспалар
-------	--------	---------	--------------	----------------------

нөмірі	мерзімі	жүргізу	жайы	
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Ленин көшесі,15	қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді,азот диоксиді,фенол,күшән, радиациялық гамма-фон қуаттылығы
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Попович көшесі, 9 «А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



5.4-сурет. Губокое кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (сурет 5.4) кенттің атмосфералық ауасының ластану деңгейі **көтеріңкі** болып сипатталады, №2 бекеті (Попович к., 9А) аумағында күкіртті сутек бойынша СИ=2,9 (көтеріңкі деңгей), ЕЖҚ=4% (көтеріңкі деңгей) мәндерімен анықталды.

Озонның орташа шоғыры – 1,7 ШЖШ_{о.т.} басқа ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір реттік шоғырлары бойынша: озон – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутек – 2,9 ШЖШ_{м.б.}, аммиак – 1,3 ШЖШ_{м.б.} басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-тен аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.

5.5 Алтай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1стационарлық бекетте жүргізілді (5.5-сур., 5.5-кесте).

5.5-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет	Сынама	Бақылау	Бекет мекен-	Анықталатын қоспалар
-------	--------	---------	--------------	----------------------

нөмірі	мерзімі	жүргізу	жайы	
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Партизанская көшесі, 118	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті)



5.5-сурет. Алтай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (5.5 - сур.) қаланың атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, ол СИ=0,9 және ЕЖҚ=0, (төменгі деңгей) мәндерімен анықталды.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары мен максималды бір-реттік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелмеді.

5.6 Алтай қаласы бойынша эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Алтай қаласында атмосфералық ауаның ластануын бақылау 2 нүктеде жүргізілді (*№1 нүкте – Советская к., 38; №2 нүкте – Геологическая к., 38*).

Қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенолдың концентрациялары мен экспозициялық дозаның күші (радиациялық гамма-фон) өлшенді.

Алтай қаласы бойынша радиациялық гамма-фонның орташа деңгейі 0,12 мкЗв/сағ құрады.

Бақылау деректері бойынша ластағыш заттардың концентрациялары шекті рұқсат етілген шамасында болды (кесте 1.2).

**Алтай қаласында бақылау деректері бойынша ластағыш заттардың
максималды шоғыры**

Ластағыш заттар	Бақылау нүктелері			
	№ 1		№ 2	
	qm мг/м ³	qm/ШЖШ	qm мг/м ³	qm/ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,1	0,2	0,1	0,2
Азот диоксиді	0,08	0,4	0,08	0,4
Күкірт диоксиді	0,088	0,2	0,085	0,2
Көміртегі оксиді	2	0,4	1	0,2
Фенол	0,003	0,3	0,003	0,3

**5.7 Шемонаиха қаласының эпизодтық бақылау мәліметтері бойынша
атмосфералық ауаның жай-күйі**

Шемонаиха қаласында атмосфералық ауаның ластануын бақылау 2 нүктеде жүргізілді (№1 нүкте – Чапаев к., 41; №2 нүкте – Вокзальная к., 2).

Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенолдың концентрациялары мен экспозициялық дозаның күші (радиациялық гамма-фон) өлшенді.

Шемонаиха қаласы бойынша радиациялық гамма-фонның орташа деңгейі 0,13 мкЗв/сағ құрады.

Бақылау деректері бойынша ластағыш заттардың концентрациялары шекті рұқсат етілген шамасында болды (кесте 1.2).

**Шемонаиха қаласында бақылау деректері бойынша ластағыш заттардың
максималды шоғыры**

Ластағыш заттар	Бақылау нүктелері			
	№ 1		№ 2	
	qm мг/м ³	qm/ШЖШ	qm мг/м ³	qm/ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,3	0,6	0,3	0,6
Азот диоксиді	0,14	0,7	0,12	0,6
Күкірт диоксиді	0,098	0,2	0,112	0,2
Көміртегі оксиді	2	0,4	1	0,2
Фенол	0,006	0,6	0,006	0,6

**5.8 Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы атмосфералық
жауын-шашынның химиялық құрамы**

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 4 метеостанцияда (Риддер, Семей, Үлкен Нарын, Өскемен) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді.

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 35,0%, сульфаттар 26,6%, кальций иондары 16,7%, хлоридтер 7,5%, нитраттар 2,3%, магний ионы 2,7%, натрий ионы 5,2%, калий ионы 3,3% болды.

Ең үлкен жалпы минералдылығы Семипалатинск МС – 58,00 мг/дм³, ең азы Үлкен Нарын МС – 17,11 мг/дм³ белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электр өткізгіштігі 24,53 мкСм/см-ден (Үлкен Нарын МС) 99,16 мкСм/см (Семипалатинск МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы әлсіз қышқыл және орташа аз сипатта болып, 5,00 (Риддер МС) – 6,4 (Өскемен МС) аралығында болды.

5.9 Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 13 су нысанында жүргізіледі (Қара Ертіс, Ертіс, Бреска, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Оба, Бұқтырма, Емел, Аягөз өзендері және Өскемен және Бұқтырма су қоймасы).

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Қара Ертіс өзені:

- **Қара Ертіс** өзенінде су температурасы 13,8-26,0°C, сутегі көрсеткіші 7,30, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,32мг/дм³, ОБТ₅ – 1,38 мг/дм³, түстілігі 19градус, иісі – 0 балл.

– Боран ауылы (Боран а. аймағында) өзен айлағынан 0,3 км жоғары, су бекеті тұстамасы 1 класқа жатады.

Ертіс өзені:

- Өскемен қ. қала шегінде; УК ГЭС -ы бөгетінен 0,8 км төмен; су өлшеу бекетінің тұстамасында (09):су сапасы 4- класқа жатады: қалқыма заттар – 6,13 мг/дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Өскемен қ. шегінде, Конденсатор зауытының ағынды суларынан 0,5 км төмен, теміржол көпірінен 0,5 км жоғары тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 15,3 мг/дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.

- Өскемен қ. қала шегінде; Үлбі өзенінің құйылысынан 3,2 км төмен; (01) сол жағалаутұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 11,97 мг/дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан аспайды

-Өскемен қ. қала шегінде; Үлбі өзенінің құйылысынан 3,2 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасы: су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 17,43 мг/дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Өскемен қ. Прапорщиково а. шегінде; Бражий бұлағының құйылысынан 15 км төмен; (09) оң жағалаутұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 21,3 мг/дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.

- Предгорное а. Предгорное а. шегінде; Красноярка өзенінің құйылысынан 1 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасы: су сапасы 2- класқа жатады: марганец – 0,024 мг/дм³. Марганецтің концентрациясы фондық кластан асады.

- Семей қаласынан 4 км жоғары; су өлшеу бекетінен 4 км жоғары; (09) оң жағалау тұстамасы: су сапасы 2 - класқа жатады: қалқыма заттар – 5,57 мг/дм³, марганец – 0,013 мг/дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан аспайды, марганецтің концентрациясы фондық кластан асады.

- Семей қ. 3 км қаладан төмен; Қалалық "Су каналы" Басқармасының ағынды суларының төгінділерінен 0,8 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасы: су сапасы 2 - класқа жатады: қалқыма заттар – 5,47 мг/дм³, марганец – 0,016 мг/дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан аспайды, марганецтің концентрациясы фондық кластан асады.

Ертіс өзені бойында су температурасы 10,8°C – 20,5°C шегінде, сутегі көрсеткіші 7,66-7,90, судағы еріген оттегінің шоғыры 7,51-10,66 мг/дм³, ОБТ₅ 0,82-1,36 мг/дм³. Түстілігі 11-35 градус. Иісі 0 балл.

Ертіс өзені ұзындығы бойынша су сапасы 4- класқа жатады: қалқыма заттар – 11.1 мг/дм³.

Бұқтырма өзені:

- Алтай қ. Лесная пристань а. шегінде; Хамир ө. құйылысынан 0,1 км төмен; (01) сол жағалау тұстамасы: су сапасы 2- класқа жатады: марганец – 0,021 мг/дм³. Марганецтің концентрациясы фондық кластан асады.

- Алтай қ. Зубовка а. шегінде; Березовка ө. құйылысынан 1,5 км төмен; (01) сол жағалау тұстамасы: су сапасы 2- класқа жатады: марганец – 0,019 мг/дм³. Марганецтің концентрациясы фондық кластан асады.

Бұқтырма өзені бойынша барлық тұстамаларда су температурасы 17,8°C -18,0 °C, сутегі көрсеткіші 7,72-7,82, судағы еріген оттегінің шоғыры 9,12-9,67 мг/дм³, ОБТ₅ 0,79-1,25 мг/дм³. 25 градус. Иісі 0 балл.

Бұқтырма өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 2- класқа жатады: марганец – 0,020 мг/дм³.

Брекса өзені:

- Риддер қ., Риддер қ. шегінде; Филипповка өзені қосылысынан 0,5 км жоғары; (09) оң жағалау тұстамасы: су сапасы 2- класқа жатады: марганец – 0,012 мг/дм³. Марганецтің концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Брекса өз. сағасынан 0,6 км; (09) оң жағалау тұстамасы: су сапасы 3- класқа жатады: кадмий – 0,0016 мг/дм³. Кадмидің концентрациясы фондық кластан асады.

Брекса өзені бойында су температурасы 16°C шегінде, сутегі көрсеткіші 7,80-7,82, судағы еріген оттегінің 8,81-9,01 мг/дм³, ОБТ₅ 0,83-1,24 мг/дм³. Түстілігі 25 градус. Иісі 0 балл.

Брекса өзені ұзындығы бойынша су сапасы 2- класқа жатады: марганец – 0,037 мг/дм³, нитриттер -0,19 мг/дм³.

Тихая өзені:

- Риддер қ., Риддер қаласы шегінде; технологиялық автокөлік көпірінен 0,1 км жоғары; Безымянный бұлағының құйылысынан 0,17 км жоғары; (01) сол

жағалау тұстамасы: су сапасы 3-класқа жатады: аммоний ионы – 0,91 мг/дм³, кадмий – 0,0014 мг/дм³. Аммоний ионы мен кадмидің концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; гидро құрылғыларынан (бөгет)0,23 км төмен; Тихая өз. сағасынан 8 км жоғары; (01) сол жағалаутұстамасы:су сапасы 4-класқа жатады: аммоний ионы – 1,40 мг/дм³.Аммоний ионының концентрациялары фондық кластан асады.

Тихая өзені бойында су температурасы 15,3-16,2°С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,59-7,63, судағы еріген оттегінің шоғыры 9,21-9,42мг/дм³, ОБТ₅ 1,39-1,45мг/дм³. Түстілігі 25 градус. Иісі 0 балл.

Тихая өзені ұзындығы бойынша су сапасы4-класқа жатады: аммоний ионы – 1,15 мг/дм³.

Үлбі өзені:

- Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100м жоғары; Громотуха және Тихая өзендерінің қосылуынан 1,9 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасы:су сапасы 1-класқа жатады.

- Риддер қ. Тишинск кенішінен 7,0 км төмен; Громотуха және Тихая өзендері қосылысынан 8,9 км төмен; автокөлік көпірі маңында;(09) оң жағалаутұстамасы:су сапасы 3-класқа жатады: кадмий – 0,0012мг/дм³. Кадмидің концентрациясы фондық кластан аспайды.

- Өскемен қ. Каменный карьер к. шегінде; су өлшеу бекетінде; (01) сол жағалаутұстамасы: су сапасы 2 – класқа жатады:марганец – 0,013 мг/дм³. Марганецтің концентрациясы фондық кластан аспайды.

-Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (01) сол жағалаутұстамасы:су сапасы 1-класқа жатады

- Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (09) оң жағалаутұстамасы: су сапасы 1-класқа жатады.

Үлбі өзені бойында су температурасы 17,1°С – 19,1°С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,89-7,99, судағы еріген оттегінің шоғыры 8,09-9,26мг/дм³, ОБТ₅ 0,87-1,35мг/дм³. Түстілігі 25 градус. Иісі 0 балл.

Үлбі өзені бойында су сапасы 2- класқа жатады: марганец – 0,026 мг/дм³.

Глубочанка өзені:

-Белоусовка а. шегінде;Белоусовка а. гидроқұрылғыларынан (бөгеттерден) 2,9 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасы: су сапасы 3- класқа жатады: магний – 23,17 мг/дм³. Магнидің концентрациясы фондық кластан асады.

- Белоусовка а. Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; Белоусовка а. шекарасынан 0,6 км жоғары; тікелей автокөлік көпірі маңында;(09) оң жағалаутұстамасы:су сапасы нормаланбайды (>5 класс): марганец – 0,122мг/дм³. Марганец концентрациясы фондық кластан асады.

- Глубокое а. Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалаутұстамасы:су сапасы 3-класқа жатады: магний – 27,3 мг/дм³.Магнидің концентрациясы фондық кластан асады.

Глубочанка өзені бойында су температурасы 17,1-18,3°C шегінде, сутегі көрсеткіші 8,22-8,38, судағы еріген оттегінің шоғыры 7,59-8,51 мг/дм³, ОБТ₅ 0,80-0,97 мг/дм³. Түстілігі 25-29 градус. Иісі 0-1 балл

Глубочанка өзені ұзындығы бойынша су сапасы 3 класқа жатады: аммоний ионы – 0,80 мг/дм³, магний – 25,2 мг/дм³.

Красноярка өзені:

- Алтайский а. Алтайский а. шегінде гидроқұрылыстардан (бөгеттерден) 60 м төмен; Красноярка өз. сағасынан 24 км жоғары; (09) оң жағалау тұстамасы: су сапасы 2 класқа жатады: қалқыма заттар – 20,9 мг/дм³, марганец – 0,031 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Предгорное а. Предгорное а. шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09) оң жағалау тұстамасы: су сапасы 3-класқа жатады: кадмий – 0,0017 мг/дм³. Кадмидің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Красноярка өзені бойында су температурасы 17,0-19,0 °С, сутегі көрсеткіші 8,30-8,36, судағы еріген оттегінің шоғыры 8,75-9,07 мг/дм³, ОБТ₅ 0,68-0,86 мг/дм³. Түстілігі 14-24 градус. Иісі 0 балл

Красноярка өзені ұзындығы бойынша су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,064 мг/дм³.

Оба өзені:

- Шемонаиха қ. Березовка ө. құйылысынан 1,8 км жоғары; (09) тұстамасы - су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 26,78 мг/дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.

- Шемонаиха қ. Камышенка а. шегінде; Таловка ө. құйылысынан 4,1 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасы: су сапасы 4 - класқа жатады: қалқыма заттар – 11,55 мг/дм³. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан аспайды.

Оба өзені бойында су температурасы 20,2-20,5 °С, сутегі көрсеткіші 8,15-8,30, судағы еріген оттегінің шоғыры 9,60 – 10,21 мг/дм³, ОБТ₅ 1,00-1,11 мг/дм³. Түстілігі 25 градус. Иісі 0 балл.

Оба өзені бойында су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 19,17 мг/дм³.

Емел өзені:

Емел өзенінде су температурасы 23,3°C, сутегі көрсеткіші 8,31, судағы еріген оттегінің шоғыры 8,11 дм³, ОБТ₅ 1,47 мг/дм³, түстілігі 24 градус, иіс – 0 балл.

- Емель өз. тұстамасы су сапасы 3 класқа жатады: магний – 23,3 мг/дм³. Магнидің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Аягөз өзені:

Аягөз өзенінде су температурасы 12,4 °С, сутегі көрсеткіші 8,28, судағы еріген оттегінің шоғыры 8,30 мг/дм³, ОБТ₅ 1,08 дм³, түстілігі 3 градус, иіс – 0 балл.

Аягөз өз. тұстамасында су сапасы 3-класқа жатады: магний – 29,3 мг/дм³. Магнидің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Өскемен су қоймасы:

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,24 км (су қоймасының ұзындығынан 0,2), гидрологиялық 8 а тігімен сәйкес келеді, **8 а**, су бетінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,24 км (су қоймасының ұзындығынан 0,2), гидрологиялық 8 а тігімен сәйкес келеді, **8а**, су түбінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,6 км (су қоймасының ұзындығынан 0,5), гидрологиялық 8 б тігімен сәйкес келеді, **8б**, су бетінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,6 км (су қоймасының ұзындығынан 0,5), гидрологиялық 8 б тігімен сәйкес келеді, **8б**, су түбінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,96 км (су қоймасының ұзындығынан 0,8), гидрологиялық 8 в тігімен сәйкес келеді, **8в**, су бетінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,96 км (су қоймасының ұзындығынан 0,8), гидрологиялық 8 в тігімен сәйкес келеді, **8в**, су түбінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Огневка а. НГФ сол жақ жағалауынан 0,5 км (су қоймасының ұзындығынан 0,5) гидрологиялық 4 тігімен сәйкес келеді, **4** су бетінен 0,5 м тұстамасындасу сапасы 1 класқа жатады.

Огневка а. НГФ сол жақ жағалауынан 0,5 км (су қоймасының ұзындығынан 0,5) гидрологиялық 4 тігімен сәйкес келеді, **4** су түбінен 0,5 м тұстамасындасу сапасы 1 класқа жатады.

Огневка а. сол жақ жағалауынан 0,2 км (су қоймасының ұзындығынан 0,1) гидрологиялық 4а тігімен сәйкес келеді, **4 а**, су бетінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Огневка а. сол жақ жағалауынан 0,2 км (су қоймасының ұзындығынан 0,1) гидрологиялық 4а тігімен сәйкес келеді, **4 а**, су түбінен 0,5 м тұстамасындасу сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,014 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Огневка а. сол жақ жағалауынан 1,8 км (су қоймасының ұзындығынан 0,9) гидрологиялық 4в тігімен сәйкес келеді, **4 в**, су бетінен 0,5 м тұстамасындасу сапасы 1 класқа жатады.

Серебрянск қ. Серебрянск қаласынан 5,4 км жоғары, сол жағалаудан тұстама бойынша 0,3 км (су қоймасының ұзындығынан 0,5), тігінен 1а, **1** су бетінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,012 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Серебрянск қ. Серебрянск қаласынан 0,5 км төмен, оң жағалаудан тұстама бойынша 0,2 км (су қоймасының ұзындығынан 0,17), тігінен 1а, **1 а**, су бетінен 0,5 м тұстамасындасу сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,013 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Серебрянск қ. Серебрянск қаласынан 0,5 км төмен, оң жағалаудан тұстама бойынша 0,2 км (су қоймасының ұзындығынан 0,17), тігінен 1а, **1 а**, су түбінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Серебрянск қ. оң жағалаудан тұстама бойынша 0,8 км (су қоймасының ұзындығынан 0,67), тігінен 1в, **1 в**, су бетінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,014 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Серебрянск қ. оң жағалаудан тұстама бойынша 0,8 км (су қоймасының ұзындығынан 0,67), тігінен 1в, **1 в** су түбінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,012 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Өскемен су қоймасы бойында су температурасы 9,3⁰С – 15,9⁰С, сутегі көрсеткіші 8,18-8,25, судағы еріген оттегінің шоғыры 9,38-9,79мг/дм³, ОБТ₅0,85-1,27мг/дм³, түстілігі 17-19 градус, иісі 0 балл.

Өскемен су қоймасы бойында су сапасы 1-класқа жатады.

Бұқтырма су қоймасы:

Жаңа Бұқтырма а. Соловок тауынан А бойынша 215° 0,9 км (0,36 су қойманың ұзындығынан), тігінен 1, **1** су бетінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Жаңа Бұқтырма а. Соловок тауынан А бойынша 215° 0,9 км (0,36 су қойманың ұзындығынан), тігінен 1, **1** су түбінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,012 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Жаңа Бұқтырма а. Соловок тауынан А бойынша 215° 1,6 км (0,64 су қойманың ұзындығынан), тігінен 1а, **1 а**, су бетінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Жаңа Бұқтырма а. Соловок тауынан А бойынша 215° 1,6 км (0,64 су қойманың ұзындығынан), тігінен 1а, **1а** су түбінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Хайрузовка а. Нарым өз. сағасынан А бойынша 254° 20 км (су қоймасы ұзындығынан 0,85), гидрологиялық 8 тігімен сәйкес келеді, **8**, су бетінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Хайрузовка а. Нарым өз. сағасынан А бойынша 254° 20 км (су қоймасы ұзындығынан 0,85), гидрологиялық 8 тігімен сәйкес келеді, **8** су түбінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Хайрузовка а. Нарым өз. сағасынан А бойынша 254° 8,7 км, гидрологиялық 10 тігімен сәйкес келеді, **10** су бетінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,012 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Хайрузовка а. Нарым өз. сағасынан А бойынша 254° 8,7 км, гидрологиялық 10 тігімен сәйкес келеді, **10** су түбінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,015 мг/дм³ Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Хайрузовка а. Хайрузовка ауылынан оңтүстікке қарай 3,6 км, 1,7 км (0,07 су қоймасы ұзындығынан) гидрологиялық 12 тігімен сәйкес келеді, **12** су бетінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,012 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Хайрузовка а. Хайрузовка ауылынан оңтүстікке қарай 3,6 км, 1,7 км (0,07 су қоймасы ұзындығынан) гидрологиялық 12 тігімен сәйкес келеді, **12** су түбінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Құйған а., Құйған ауылынан оңтүстік батысқа қарай 1,5 км, нефтебаза және НГФ-дан А бойынша 250° 1,8 км (су қоймасының ұзындығынан 0,5), гидрологиялық 17 тігімен сәйкес келеді, **17** су бетінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Құйған а., Құйған ауылынан оңтүстік батысқа қарай 1,5 км, нефтебаза және НГФ-дан А бойынша 250° 1,8 км (су қоймасының ұзындығынан 0,5), гидрологиялық 17 тігімен сәйкес келеді, **17** су түбінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,015 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Қаракас қысқаруы, төменгі Қаракас а. ОШ қарай 1,6 км, төменгі Қаракастың оңтүстік шекарасынан 1 км (су қоймасының ұзындығынан 0,52), гидрологиялық 20-тігімен сәйкес келеді, **20** су бетінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,017 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Крестовка а., азимут бойынша 270°, ара қашықтығы 2,5, тереңдігі 5,0, тігінен 4;4 су бетінен 0,5 м тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,025 мг/дм³. Марганецтің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Бұқтырма су қоймасы бойында су температурасы 12,4⁰С-22,7⁰С, сутегі көрсеткіші 8,21-8,44, судағы еріген оттегінің шоғыры 7,28-8,98мг/дм³, ОБТ₅ 0,86-1,28мг/дм³, түстілігі 13-17градус, иісі 0 балл.

Бұқтырма су қоймасы бойында су сапасы 2-класқа жатады: марганец – 0,011 мг/дм³.

Бірыңғай жіктеме бойынша 2019 жылы 3-тоқсан бойынша Шығыс Қазақстан аумағындағы су объектілерінің су сапасы келесідей бағаланды: 1-класқа: Қара Ертіс өзені және Өскемен су қоймасы; 2-класқа –Бұқтырма, Брекса, Үлбі, Красноярка өзендері және Бұқтырма су қоймасы; 3-класқа Глубочанка, Аягөз, Емел өзендері, 4-класқа–Ертіс, Тихая өзендері, 5 класс –Оба өзені жатады.(4-кесте).

5.10 Гидробиологиялық және токсикологиялық, гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үстісулары сапасының сипаттамасы

2019 ж.шілде айынан қыркүйек айына дейінгі жоғарғы Ертіс алабы ағын суларының суы гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша бірыңғай емес.

Қара Ертіс, Емел, Ертіс, Бұқтырма, Брекса, Үлбі, Красноярка және Оба өзендерінен алынған су сынағалары тірі ағзаларға өткір уытты әсер еткен жоқ. 2019 жылдың 3 тоқсанында ең қолайсыз жағдай шілде айында Тихая өз. «Риддер қаласы шегінде; гидро құрылғыларынан (бөгет)0,23 км төмен; Тихая өз. сағасынан 8 км жоғары; (01) сол жағалау» және Глубочанка өз. «Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; және Глубокое а. шегінде 0,5 км құйылысынан жоғары» сынағаларында шілде мен қыркүйек айларында өткір уыттылық тіркелді.

Перифитонның даму көрсеткіштері сапробты индексі бойынша 2019 ж. шілде-қыркүйек айларында орта есеппен біршама төмен су сапасы Глубочанка және Краснояр өз. тұстамаларында байқалды. Қалған өзендер орташа ластанумен сипатталды.

2019ж. 3 тоқсанында макрозообентос көрсеткіштері бойынша «таза сулар» санатына келесі өзендерді жатқызуға болады: Қара Ертіс, Ертіс өз. «Предгорное а. Предгорное а. шегінде; Красноярка өзенінің құйылысынан 1 км төмен; (09) оң жағалау», Бұқтырма, Брекса, Үлбі өз. (Тишинск кеніші шегінде;) (Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (09) оң жағалау) және (Каменный карьер а. шегінде) тұстамалары және Оба өзені. Су сапасының «ластанған» сулар санатына тамыз айында Ертіс өз. (Өскемен қ. 0,5км Конденсаторлы зауыт төгіндісінен төмен) және қыркүйек айында Глубочанка өз. (Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; және Глубокое а. шегінде 0,5 км құйылысынан жоғары) жатады. Қалған өзендер орташа ластанумен сипатталды. (б, б.1-қосымша).

5.11 Шығыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 17 метеорологиялық стансада (Ақжар, Аягөз, Дмитриевка, Баршатаc, Бақты, Зайсан, Жалғызтөбе, Қатон-Қарағай, Көкпекті, Күршім, Риддер, Самарка, Семей, Үлкен Нарын, Өскемен, Шар, Шемонаиха) бақылау жүргізілді (5.11 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,10-0,17 мкЗв/сағ шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,14 мкЗв/сағ, яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

5.12 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 7 метеорологиялық станцияда (Аягөз, Баршатаc, Бақты, Зайсан, Көкпекті, Семей, Өскемен)ауа сынағасын

горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (5.11-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8-1,9 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,4 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



5.11 сур. Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

6. Жамбыл облысының қоршаған орта жай-күйі

6.1 Тараз қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (6.1-сур., 6.1-кесте).

6.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Шымкент көшесі, 22	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид, кадмий, кобальт, марганец, қорғасын
2			Рысбек батыр көшесі,	қалқыма бөлшектер (шаң),

			15, Ниетқалиев көшесінің бұрышы	күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид
3			Абай және Төле би көшелерінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид, бенз(а)пирен, кадмий, кобальт, марганец, қорғасын
4			Байзақ батыр көшесі, 162	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, формальдегид
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Сәтбаев көшесі мен Жамбыл даңғылы	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, көміртегі диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



б.1 сур. Тараз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (б.1 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды. Ол СИ=4,3 күкіртті сутегі бойынша (№6 бекет аумағында) және ЕЖҚ=3% азот диоксиді (№3 бекет аумағында) бойынша анықталды. (1,2-сур.).

Азот диоксидінің орташа шоғырлары – 1,2 ШЖШ_{о.т.}, озон(жер беті) – 1,7 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттар мен ауыр металдардың бар болуы ШЖШ дан аспады.

Максималды бір-реттік шоғырлар қалқыма бөлшектер(шаң) және РМ-10 қалқыма бөлшектері 1,0 ШЖШ_{м.б.} құрады, көміртегі оксиді және азот диоксиді – 1,4 ШЖШ_{м.б.} құрады, озон (жербетті) – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 4,3 ШЖШ_{м.б.}, фторлы сутегі – 1,2 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.2 Жанатас қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.2-сур., 6.2-кесте).

6.2 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	Үзіліссізрежимде	Тоқтаров көшесі, 27/1 және 27-а	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді және оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



6.2-сурет. Жанатас қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *төменгі* болып бағаланды. Ол СИ=0,9 (төмен деңгей) ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) болып анықталды (1,2- сур.).

Азот диоксидінің орташа шоғыры 3,3 ШЖШ_{0.т.}, озонның (жербеті) – 2,3 ШЖШ_{0.т.}, басқа ластаушы заттар ШЖШ дан аспады.

Ластаушы заттардың максималды бір-реттік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

6.3 Қаратау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.3-сур., 6.3-кесте).

6.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Тамды әулие, №130	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі



6.3-сурет. Қаратау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды. Ол СИ=2,2 (көтеріңкі деңгей) РМ-10 қалқыма бөлшектері бойынша, ЕЖҚ=3% (көтеріңкі деңгей) күкіртті сутегі бойынша анықталды. (1,2- сур.).

РМ-10 қалқыма бөлшектерінің орташа шоғырлары – 1,1 ШЖШ_{0.т.}, озон (жер беті) – 1,6 ШЖШ_{0.т.}, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір-реттік шоғырлар РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 1,7 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 2,2 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 1,5 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


6.4 Шу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.4-сур., 6.4-кесте).

6.4- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Шу қалалық ауруханасының маңында	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі



6.4-сурет. Шу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.4-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды. Ол СИ=1,7 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=1% (төменгі деңгей) күкіртті сутегі бойынша ластанған (1,2 сур.).

**БҚ сәйкес, егер СИ пен ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні бойынша бағаланады.*

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір-реттік шоғырлар озон (жербетті) – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутек – 1,7 ШЖШ_{м.б.} басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

6.5 Қордай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.5-сур., 6.5-кесте).

6.5-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Жібек жолы көшесі, №496«А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртсутегі, аммиак



6.5 сур. Қордай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.4-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды. Ол СИ=1,7 (төмен деңгей) РМ-10 қалқыма бөлшектері және ЕЖҚ=1% (төменгі деңгей) озон (жербетті) бойынша ластанған (1,2 сур.).

**БҚ сәйкес, егер СИ пен ЕЖҚ әртүрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі осы көрсеткіштердің ең жоғарғы мәні бойынша бағаланады.*

Озонның (жербеті) орташа шоғырлары – 3,0 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір-реттік шоғырлар РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,7 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

6.6 Жамбыл облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияда (Нұрлыкент, Тараз, Төле би) алынған жаңбыр суына сынама алумен (6.6-сурет) жүргізілді.

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті рұқсат етілген шоғырлардан аспады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 33,3 %, сульфаттар 24,28%, натрий иондары 12,73 %, кальций иондары 9,67 %, хлоридтер 6,41%, басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Төле би МС– 77,5 мг/дм³, ең азы Нұрлыкент МС – 17,69 мг/дм³ белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электр өткізгіштігі 29,83 мкСм/см-ден (Нұрлыкент МС) 124,1 мкСм/см (Төле би МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын сынамаларындағы қышқылдық сілтісі аз сипатта болып, 5,75 (Нұрлыкент МС) – 6,79 (Төле би МС) аралығында өзгерді

6.7 Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 10 су нысанында жүргізіледі (Талас, Аса, Берікқара, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері, Билікөл көлі және Тасөткел су қоймасы).

Шу, Талас және Аса өзендерінің бассейні ағындары Қырғызстан Республикасы аумағында іс жүзінде толықтай белгілі нысанға келеді. Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері Шу өзенінің тармағы болып келеді.

Бірыңғай жіктеу бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Талас өзені:

- тұстама Жасөрген а. 0,7 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 53,3 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Тараз қаласынан 7,5 км жоғары, ГРЭС сарқынды сулары шығарымынан 0,7 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 81,7 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Солнечный кенті, гидробекеттен 0,5 км төмен: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 71,7 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Тараз қаласынан 10 км төмен, қант және спирт комбинаттарының фильтрация алқаптарынан шыққан коллекторлы-дренаж суларынан 0,7 км төмен: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 78,0 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама п.Темірбек 0,5 км төменде: су сапасы нормаланбайды (>3 класс): фенолдар – 0,002 мг/дм³.

Талас өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 15,2-26,0⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,90-8,15, суда еріген оттегінің шоғыры 6,72-9,37 мг/дм³, ОБТ₅ 1,09-2,79 мг/дм³ құрады.

Талас өзенінің су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 67,9 мг/дм³.

Аса өзені:

- тұстама Маймақ т/ж станциясы: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 41,7 мг/дм³. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама Аса а. 500м. төмен: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОБТ₅ – 6,06 мг/дм³.

Аса өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 15,0-21,0⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,80-8,15, суда еріген оттегінің шоғыры 7,48-11,6 мг/дм³, ОБТ₅ 1,15-6,06 мг/дм³ құрады.

Аса өзенінің су сапасы нормаланбайды (>3 класс): қалқыма заттар – 0,03 мг/дм³.

Берікқара өзені су температурасы 16,4⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,80, суда еріген оттегінің шоғыры 7,85 мг/дм³, ОБТ₅ 2,16 мг/дм³ құрады.

- Берікқара өзені тұстамасы, тау су ағысы шығысы тұсынан 6 км. оңтүстікке қарай, Абдіқадір а.: су сапасы 3 класқа жатады: темір(3+) – 0,02 мг/дм³. Темір(3+) нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Билікөл көлінің су температурасы 21,0-28,6⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,90-8,15, суда еріген оттегінің шоғыры 6,64-7,87 мг/дм³, ОБТ₅ 11,9-15,5 мг/дм³ құрады.

- тұстама "Ветерок" демалыс аймағы (Жаңаөткел а.): су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОБТ₅ – 14,2 мг/дм³, ОХТ – 43,9 мг/дм³. ОБТ₅ және ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Шу өзені

- тұстама Қайнар а. (Благовещенское а.): су сапасы 4 класқа жатады: магний – 36,0 мг/дм³, темір(3+) – 0,03 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады, темір(3+) нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

- тұстама Д.Конаева а. 0,5 км төменде: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 30,2 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³.

Шу өзенінің ұзындығы бойынша температурасы 15,0-25,0⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,70-7,95, суда еріген оттегінің шоғыры 8,17-9,79 мг/дм³, ОБТ₅ 2,46-5,22 мг/дм³ құрады.

Шу өзенінің су сапасы 4 класқа жатады: магний – 33,1 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³.

Ақсу өзенінің су температурасы 19,6-24,6⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,85-8,00, суда еріген оттегінің шоғыры 8,17-9,28 мг/дм³, ОБТ₅ 2,52-3,36 мг/дм³ құрады.

- тұстама Ақсу а. 0,5 км жоғары, Ақсу өзені сағасынан 10 км: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 38,9 мг/дм³, темір(3+) – 0,05 мг/дм³. Магний және темір(3+) нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қарабалта өзені су температурасы 21,0-26,4⁰С шегінде, сутегі көрсеткіш 7,95-8,05, суда еріген оттегінің шоғыры 6,36-9,05 мг/дм³, ОБТ₅ 2,22-3,76 мг/дм³ құрады.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Баласағұн а., өзен сағасынан 29 км: су сапасы 5 класқа жатады: сульфаттар – 786,3 мг/дм³. Сульфаттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Тоқташ өзені су температурасы 17,0-22,8⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,00-8,15, суда еріген оттегінің шоғыры 6,42-8,23 мг/дм³, ОБТ₅ 3,92-5,98 мг/дм³ құрады.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Жауғаш Батыр а. ауыл шетіндегі өзен сағасынан 78 км қашықтықта: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 110,3 мг/дм³. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Сарықау өзені су температурасы 20,0-24,6⁰С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,90-8,70, суда еріген оттегінің шоғыры 6,77-8,17 мг/дм³, ОБТ₅ 3,76-5,84 мг/дм³ құрады.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Шу өзеніне құйғанға дейін 35км, Мерке ауылынан 63 км: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 85,6 мг/дм³, ОХТ – 33,0 мг/дм³, сульфаттар – 386,3 мг/дм³, темір(3+) – 0,06 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады, ОХТ, сульфаттар, фенолдар және темір(3+) нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Тасөткел су қоймасы су температурасы 22,0⁰С, сутегі көрсеткіші 8,10, суда еріген оттегінің шоғыры 8,99 мг/дм³, ОБТ₅ 2,12 мг/дм³ құрады.

- тұстама Тасөткел а., Тасөткел стансасынан оңтүстікке қарай 2,5 км, су қойма бөгенінен (оңтүстік-шығысқа) 0,5 км жоғары: су сапасы нормаланбайды

(>3 класс): темір(3+) – 0,04 мг/дм³, фенолдар – 0,002 мг/дм³. Темір(3+) және фенолдар нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

Бірыңғай жіктеу бойынша 2019 жылдың 3 тоқсанында Жамбыл облысы аумағындағы су нысандарының су сапасы келесідей бағаланады: 3 класс – Берікқара өзені; (>3 класс) – Аса өзені және Тасөткел су қоймасы; 4 класс – Шу, Ақсу және Сарықау өзендері; 5 класс – Қарабалта өзені; нормаланбайды (>5 класс) – Талас, Тоқташ өзендері және Билікөл көлі.

6.8 Жамбыл облысының радиациялық гамма-фоны


Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық стансада (Тараз, Төле би, Шығанақ) жүргізіледі (6.8 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,08 – 0,22 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,16 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

6.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Тараз, Төле би, Шығанақ) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (6.8-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,9 – 1,9 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



6.8 сур. Жамбыл облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

7. Батыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі


7.1 Орал қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (7.1-сур., 7.1-кесте).

7.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	№1 өрт сөндіру бөлімінің маңы (Гагарин көшесі, №25 үйдің ауданы)	PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутек, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквиваленттік дозасы
3			Киров атындағы саябақтың маңы (Даумов көшесі)	PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутек, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквиваленттік дозасы, озон (жербетті)
5			Мұхит көшесі («Мирлан» базарының ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді, күкіртті сутек, озон (жербетті)



7.1-сурет. Орал қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды. Ол СИ=4,0 (көтеріңкі деңгей) күкіртсутек бойынша №3 бекет аумағында (Киров атындағы саябақтың маңы (Даумов көшесі) және ЕЖҚ=5% (көтеріңкі деңгей) күкіртсутек бойынша №5 бекет аумағында (Мұхит көшесі («Мирлан» базарының ауданы) (1,2-сур.).

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлар РМ-2,5 қалқыма бөлшектері бойынша 1,6 ШЖШ_{м.б.}, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 3,4 ШЖШ_{м.б.}, көміртегі оксиді – 2,3 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,7 ШЖШ_{м.б.}, күкіртті сутегі – 4,0 ШЖШ_{м.б.}, ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

7.2 Орал қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Орал қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – «Пластик» зауытының ауданы, Шолохов және Штыбкөшелері; №2 нүкте – «Конденсат» АҚ ауданы, Шаған өз. арқылы көпір ауданы) жүргізілді.

РМ-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкіртті сутегінің, көмірсулардың, аммиактың, бензолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (7.2-кесте).

7.2-кесте

Орал қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максимальды шоғыры


Ластаушы заттар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ	q _м мг/м ³	q _м /ШЖШ
РМ-10 қалқыма бөлшектері	0,0614	0,2048	0,0801	0,2671
Күкірт диоксиді	0,0160	0,0321	0,0123	0,0247
Көміртегі оксиді	3,9725	0,7945	2,3866	0,4773
Азот диоксиді	0,0769	0,3845	0,0740	0,3700
Азот оксиді	0,0272	0,0680	0,0241	0,0603
Күкіртті сутегі	0,0020	0,2463	0,0020	0,2481
Көмірсулар	22,8330	-	25,6900	-
Аммиак	0,0921	0,4603	0,1911	0,9555
Формальдегид	0	0	0	0
Бензол	0,0812	0,2707	0,0866	0,2885

7.3 Ақсай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.2-сур., 7.3-кесте).

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
Гидра (Hydrozoa), ұлулар (Bivalvia және Gastropoda), жәндіктер (Insecta), сүліктер (Nirudinea), ақ планария (Turbellaria), шаянтәрізділер (Crustacea). Зообентос негізін β-мезосапробты организмдер, сонымен қатар полисапробты және олигосапробты организмдер де сирек кездесті. Биотикалық индекс 5-ке тең болды. Су сапасының класы – үшінші класқа сәйкес, орташа ластанған су сапасын көрсетті (2-кесте).

2-кесте

Бентос бойынша жер үсті суларының сапасына салыстырмалы сипаттама

Тұстама аталуы	Топтағы түр саны		Биотикалық индекс		Су класы	
	3-тоқсан 2018ж.	3-тоқсан 2019ж.	3- тоқсан 2018ж.	3- тоқсан 2019ж.	3- тоқсан 2018ж.	3- тоқсан 2019ж.
Нұра өзені, Балықты т/ж бекеті	б/ұ-12 ж (ж)-1 ш-2	б/ұ-4 к/ұ-12	5	5	3	3
Нұра өзені, Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км төмен	б/ұ-3 к/ұ-7 ж (ж)-6 с-6	б/ұ-7 к/ұ-3 аз/к -4 ж(б)-1 с-1 а/с-13	5	5	3	3
Нұра өзені, Садовое бөлімшесі	б/ұ-4 к/ұ-13 ж (ж)-1 с-2	б/ұ-1 к/ұ-11 к-1	5	5	3	3
Нұра өзені, Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК»АҚ бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 5,7 км төмен	б/ұ-4 к/ұ-11 к/к-1 ж(ж)-1 ж-1 с-2	к/ұ-34 ж(ж)-5	5	5	3	3
Нұра өзені, Жана-Талап ауылы	б/ұ-4 к/ұ-2	к/ұ-1 к/к-5 к-5 ж(б)-5 ж(ж)-7 с-2 ш-2	5	5	3	3
Нұра өзені, Ынтымақ су	к/к-20	б/ұ-11	5	5	3	3

Тұстама аталуы	Топтағы түр саны		Биотикалық индекс		Су класы	
	3-тоқсан 2018ж.	3-тоқсан 2019ж.	3-тоқсан 2018ж.	3-тоқсан 2019ж.	3-тоқсан 2018ж.	3-тоқсан 2019ж.
қоймасының жоғарғы бьефі	ш-7	а/қ -5 ж(ж)-2 с-2 ш-3				
Нұра өзені, Ынтымақ су қоймасының төменгі бьефі	б/ұ-16 к/ұ-2 ш-14 с-8	б/ұ-21 к/ұ-13 г-25 аз/қ -9 к/қ-2 ж(ж)-2 с-2 ш-4	5	5	3	3
Нұра өзені, Ақмешіт ауылы	б/ұ-17 к/ұ-31 ж(к)-1 с-2 ш-25	б/ұ-1 к/ұ-3 к-б ж(б)-7 ж(ж)-2 ш-27	5	5	3	3
Нұра өзені, Нұра ауылы	б/ұ-3 с-2	к/ұ-2 к-2	5	5	3	3
Нұра өзені, Сабынды ауылы	к/ұ-3 ж (ж)-2	ш-3	5	5	3	3
Нұра өзені, Қорғалжын ауылы	к/қ-7	ш-1	5	5	3	3

Ескертпе:

к/ұ – қосжақтаулы ұлу;
с - сүліктер;
ш - шаянтәрізділер;
ж(к) - көктемдіктер;
ж(қ) - қоңыздар;
к/қ- қосқанаттылар;
аз/қ – аз қылтанды құрттар;
г-гидра

б/ұ – бауыраяқты ұлу;
ж - жәндіктер;
ж(б) - біркүндіктер;
к - қандала;
ж(и) – инелік;
ж(ж) – жылғалақтар
а/с-ақ сұлама;

Биотестілеу кезінде Нұра өзенінде тест-нысанға өткір уыттылық байқалмады. Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км жоғары.." тұстамасында өлген дафниялардың бақылауға қатынасы бойынша пайызы 1% құрады. Қалған бақылау нүктелерінде тест-корсеткіш 0% көрсетті.

Шерубайнұра өзені

Сан мен биомасса жағынан альгофлора негізін диатомды балдырлар құрап, жалпы биомассаның 61% құрады. Жасыл балдырлар 36%, көк-жасыл балдырлар 3%

көрсетті. Өзге балдыр түрлері кездеспеді. Жалпы саны 0,45 мың дана/м³, жалпы биомассасы – 0,086 мг/дм³. Су сынамасындағы түрлер саны – 18, сапроб индексі - 2,07. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон бірлестігі орташа дамыды. Негізгі рөлді талшықмұртты шаяндар құрап, жалпы планктон санының 50% құрады. Ескекаяқтылар мен домалақ құрттар 31 және 19% -дан келді. Жалпы саны 1,17 мың дана/м³, ал биомассасы 8,06 мг/м³ құрады. Сапроб индексі 1,84. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон негізінен диатомды, жасыл, көк-жасыл және эвгленалы балдырлардан құралды. Диатомды балдырлардың ішінен көп кездескен түрлері: *Cyclotella meneghiniana*, *Stephanodiscus hantzschii*, *Synedra ulna*, жасыл балдырлардан: *Coelastrum microporum*, *Cosmarium formulosum*, *Scenedesmus acuminatus* және *S. quadricauda*, эвгленалылардан: *Euglena spirogira*, *Phacus curvicauda*, *Phacus pleuronectes*, *Trachelomonas volvocina* және *Vorticella campanula*. Сонымен қатар су сынамасында кірпікшелі инфузориалар *Dileptus anser* мен тамыраяқтылар *Actinosphaerium elichhornii* кездесті. Сапробиологиялық тадауға сәйкес, бетамезасапробты организмдер басымдылық көрсетті. Орташа сапроб индексі 2019 жылдың 3-тоқсанында 2,13 құрады. Су класы – үшінші.

Өткір уыттылықты анықтау үрдісі кезінде тірі қалған дафниялар саны 99%, тест-көрсеткіш 1% тең болды. Уытты әсері анықталған жоқ.

Қара Кеңгір өзені

Фитопланктонда барлық балдыр топтары кездесті. Диатомды балдырлар басымдылық көрсетіп, 62% құрады. Жасыл балдырлар 28%, көк-жасыл және өзге балдыр түрлері 10% кездесіп, жалпы биомассаны құруға қатысты. Жалпы саны мен биомассасы 0,34 мың кл/см³, 0,035 мг/дм³. Су сынамасындағы түр саны – 13. Өзен бойынша орташа сапроб индексі – 1,88, яғни үшінші класқа сәйкес, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон сынамасында түр құрамы жақсы дамыды. Су сынамасында зоопланктонның барлық топтары кездесті. Талшықмұртты шаяндар басымдылық танытып, жалпы зоопланктон санын 53% құрады. Ескекаяқты шаяндар үлесіне 40%, домалақ құрттар үлесіне 7% тиді. Сынамадағы орташа түр саны – 3. Орташа жалпы саны 2,34 мың дана/м³, биомассасы 48,94 мг/м³. Өзен бойынша орташа сапроб индексі – 2,02, яғни 3-класқа сәйкес, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялар саны 100 % көрсетті. Тест-көрсеткіш 0%-ға тең. Алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

Самарқан су қоймасы

Фитопланктон жақсы дамыды. Негізгі биомасса 3-тоқсан бойынша жасыл балдырлар дамуынан құралды. Өзге балдыр түрлері кездеспеді. Жалпы саны 0,62 мың кл/см³, биомассасы 0,085 мг/дм³. Су сынамасындағы түрлер саны – 21. Сапроб индексі 1,80.

Зоопланктон сынамасы орташа дамыды. Талшықмұртты шаяндар басымдылық көрсетіп, жалпы планктон санының 74% құрады. Ескекаяқтылар 23%, домалақ құрттар 3% көрсетіп, планктон санын құрады. Жалпы орташа саны 2,08 мың

дана/м³, ал биомассасы 27,52 мг/м³. Сапроб индексі 1,75 құрап , орташа ластанған су сапасын көрсетті.

2019 жылдың 3-тоқсанында перифитон бірлестігінің түрлік құрамы диатомды балдырлардан құралды. Оларға *Amphora ovalis*, *Cymbella lanceolate*, *Gyrosigma acuminatum* түрлері жатады. Жасыл және көк-жасыл балдырлардың кездесі жиілігі 1-2 құрады. Сонымен бірге су сынамасында пиррофитті балдыр түрі (*Pyrrhophyta*) – *Ceratium hirudinella* кездесті. Сапроб индексі 1,81. Өткен 2018 жылмен салыстырғанда, айтарлықтай өзгерістер болмады. Су класы – үшінші, орташа ластанған сапа.

Зообентос бірлестігі есептегі айда әртүрлілігімен ерекшеленді. Ұлулар класы (*Bivalvia* және *Gastropoda*), жәндіктер (*Insecta*), сүліктер (*Hirudinea*) және шаянтәрізділер (*Crustacea*) кездесті. Ұлулар класынан *Lymnaea peregra* (о-α-2,05), *Muxas glutinosa* (о-1,2), *Pisidium casertanum* (β-α-2,4), *Pisidium obtusale* (о-1,2), *Sphaerium corneum* (β-α-2,4) түрлері кездесті. Сүліктерден – *Helobdella stagnalis*, шаянтәрізділерден - *Gammarus pulex* (х-β-0,65), жәндіктерден *Corixa* sp..басымдылық танытты.Биотикалық индекс 5-ке тең. Зообентос жағдайына байланысты, су сапасы орташа ластанған.

Биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялар саны бақылауға қатынасы бойынша 97,7% көрсетті. Тест-көрсеткіш 2,3%-ға тең. Зерттелген су нысаны *Daphnia magna* уытты әсер етпейді.

Кеңгір су қоймасы

Фитопланктон орташа дамыды. Түрлер саны 12. Жасыл балдырлар басымдылық көрсетті. β-мезосапробты организмдер басым болды. Жалпы саны орташа 0,2 мың кл/см³, ал биомасса 0,027 мг/дм³ болды. Сапроб индексі 1,80. Су класы – 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон есептегі кезеңде орташа дамыды. Ескеаяқты шаяндар 66,5% құрап, басымдылық көрсетті. Талшықмұртты шаяндар 0,2%, домалақ құрттар 33,3% көрсетіп, жалпы планктон санын құрады. Орташа саны 0,76 мың дана/м³, биомассасы 7,09 мг/м³. Сапроб индексі 1,72, су класы – үшінші, яғни орташа ластанған.

Биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялар саны 100% көрсетті. Тест-көрсеткіш 0%-ға тең. Зерттелген су нысаны уытты әсер етпейді.

Қорғалжын көлдері

Шолақ көлі

Фитопланктонда жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 36% құрады. Диатомды балдырлар 29%, көк-жасыл балдырлар 35% биомассаны құруға қатысты. Альгофлораның жалпы орташа саны 0,48 мың дана/м³, ал биомассасы 0,055 мг/м³, су сынамасындағы түрлер саны – 17. Сапроб индексі 1,91, яғни, 3 класс , орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон бірлестігі орташа дамыған. Ескекаяқтышаяндар шаяндар басым болып, 100% зоопланктонның жалпы санын құрады. Жалпы саны 1,63 мың дана/м³, биомассасы 50,0 мг/м³. Бета-мезосапробты организмдер басым болды. Сапроб индексі 1,77. Зерттелген аймақ орташа ластанған су сапасын қамтыды.

Перифитон бірлестігі орташа дамыды. Кездесу жиілігі 1-2 болатын, диатомды, жасыл, көк-жасыл және эвгленалы балдырлар басымдылық танытты. Сапроб индексі 2,24. Су класы – үшінші.

Зообентостың құрамы ұлулардан, шаянтәрізділерден және жәндік дернәсілдерінен құралды. Ұлулардың ішінен *Lymnaea auricularia* (β -2,15), *L. peregra* и *L. stagnalis* (β -1,85) басымдылық танытты. Шаянтәрізділерден *Gammarus pulex* (χ - β -0,65), ал жәндік дернәсілдерінен *Nymphyla nymphaeata* кездесті. Биотикалық индексті анықтау барысында, зерттелген аймақ орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Есей көлі

Фитопланктон орташа дамыды. Диатомды балдырлар сан және биомассасы жағынан басымдылық танытып, жалпы биомассаның 49% құрады. Жалпы саны 0,26 мың дана/м³, ал биомассасы 0,034 мг/м³. Сынамадағы түр саны – 15. Орташа сапроб индексі 1,94, яғни, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон орташа дамыды. Талшықмұртты шаяндар басымдылық танытып, жалпы зоопланктон санының 62% құрады. Ескекаяқты шаяндар үлесіне 38% тиді. Жалпы саны 1,38 мың дана/м³, биомассасы 13,75 мг/м³. Бета-мезасапробты организмдер басым болды. Сапроб индексі 1,72. Зоопланктон жағдайына байланысты су сапасы орташа ластанған.

Перифитон нашар дамып, балдырлардың барлық топ өкілдері кездесті. Кездесу жиілігі 1-2, яғни өте сирек кездесті. Орташа сапроб индексі 1,73, яғни, 3 класс орташа ластанған су сапасы.

Есей өзенінің бентос құрамы ұлулардан (*Bivalvia* және *Gastropoda*) ғана құралды. *Bivalvia* (қосжақтаулылардан) *Anodonta cygnea*, бауыраяқтылардан – *Planorbidae* (катушки) тұқымдасының: *Planorbis carinatus*, *Pl.complanata* және *Pl.vortex* кездесті. Вудивиссу бойынша биотикалық индекс - 5. Су класы – үшінші.

Сұлтанкелді көлі

Фитопланктон орташа дамыған. Саны мен биомасса жағынан диатомды балдырлар басым түсті. Олар жалпы биомассаның 49% құрады. Орташа жалпы саны 0,26 мың дана/м³, ал биомассасы 0,034 мг/м³. Түрлер саны – 15. Сапроб индексі 1,94. Фитопланктон жағдайына байланысты, су сапасы орташа ластанған. Есептегі айда зоопланктон бірлестігі орташа дамыған. Су сынамасында шаяндар ғана кездесті. Ескекаяқтылар жалпы зоопланктон санының 73%, талшықмұрттыларға 27% тиді. Сынамадағы орташа түр саны – 3. Зоопланктон саны 0,88 мың дана/м³, биомассасы 7,04 мг/м³. Сапроб индексі 1,59-1,70 аралығында болып, орташа сапроб индексі 1,65 көрсетті. Жалпы көл бойынша су сапасы орташа ластанған, 3 класты көрсетті.

Перифитон құрамы әртүрлі, жақсы дамыған. Диатомды, жасыл, көк-жасыл және эвгленалы балдырлардан құралды. Диатомды балдырлардан *Fragilaria*, *Stauroneis*, *Synedra*; жасыл балдырлардан: *Ankistrodesmus*, *Cosmarium*, *Rhizoclonium*, *Spirogira* және тағы басқалары. Көк-жасыл балдырлардан: *Chroococcus*, *Gomphosphaeria*, *Nodularia*; эвгленалылардан: *Euglena*, *Phacus* және *Trachelomonas* түрлері басымдылық танытты. Сонымен қатар, су сынамасында кездесі жиілігі 1-2 болатын тамыраяқтылар (*Rhizopoda*) мен кірпікшелі

инфузориялар (Ciliata) кездесті. Сапроб индексі 1,81, яғни, 3 класс орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зообентос бауыраяқты ұлулардың (Gastropoda) тоспа ұлу Lymnaeidae және катушкалар (Planorbidae) тұқымдасы басымдылық танытты. Сонымен бірге су сынамасында жәндік дернәсілі – қандала (Hemiptera) *Planorbiscimicoides* кездесті. Биотикалық индекс – 5. Су класы үшінші.

Қоқай көлі

Фитопланктон орташа дамыған. Жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 51% құрады. Жалпы орташа саны 0,11 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,027 мг/дм³ тең болды. Сынамадағы түр саны - 11. Сапроб индексі 1,81. Су класы – үшінші, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон орташа дамыды. Су сынамасында сан жағынан талшықмұртты шаяндар басым болып, жалпы зоопланктон санының 52% құрады. Ескекәяқтылар 48% құрады. Бұл кезеңде орташа саны 2,13 мың дана/м³, биомассасы 22,12 мг/м³. Сапроб индексі 1,53 – 1,64 аралығында болып, су сапасы үшінші класқа сәйкес болды.

Перифитонның негізін диатомды балдырлардың *Symbella*, *Epithemia*, *Nitzschia* тұрғыстарынан құралды. Жасыл және көк-жасыл балдырлар бір данадан кездесті. Сапроб индексі 1,85. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Бентос негізін бауыраяқты ұлулар класының түрлері (Gastropoda): *Lymnaea auricularia*, *L. truncatula*, *Planorbis complanata* және *Valvata piscinalis* кездесті. Сонымен қатар жәндік дернәсілі – қоңыздар (Coleoptera) *Hydraena* sp болды. Биотикалық индекс – 5. Зерттелініп отырған су айдыны орташа ластанған сапаны көрсетіп отыр.

Теңіз көлі

Фитопланктон нашар дамыған. Су сынамасында диатомды және жасыл балдырлар ғана кездесті. Жалпы орташа саны 0,07 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,01 мг/дм³ тең болды. Сынамадағы түр саны - 7. Сапроб индексі 1,83. Су сапасы орташа ластанған.

Зоопланктон нашар дамыды. Су сынамасында тек ескекәяқты шаяндар ғана кездесті. Орташа саны 0,75 мың дана/м³, биомассасы 10,25 мг/м³. Сапроб индексі – 1,55, яғни үшінші класқа сәйкес, су сапасы орташа ластанған.

Перифитон бірлестігі диатомды, көк-жасыл және эвгленалы балдырлардан құралды. Жасыл балдырлар кездеспеді. Сапроб индексі 1,89. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зообентос құрамы жәндік дернәсілдері отрядынан (Insecta): *Hemiptera* (*Corix* sp. мен *Planorbiscimicoides*) және *Trichoptera* (*Hydropsyche* sp.). Биотикалық индекс 5-ке тең. Су класы – үшінші. Орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Балқаш көлі

Фитопланктон нашар дамыды. Диатомды балдырлар басым болып, жалпы планктон санының 68% құрады. Осы есептік кезеңінде көл бойынша жалпы сан 0,09 мың кл/см³, жалпы биомассасы 0,011 мг/дм³ тең болды. Сынамадағы түр саны - 6. Сапроб индексі 1,70 құрады. Су сапасы орташа ластанған.

Зоопланктон зерттелген аймақта тұрақты дамыды. Ескекаяқты шаяндар басымдылық көрсетті (92%). Талшықмұртты шаяндар 8% құрады. Сапроб индексі 1,65-1,85 аралығында болды. Су класы үшінші, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу нәтижесі бойынша, өлген дафниялардың бақылауға қатынасы бойынша пайызы төмендегідей тұстамаларда: Тараңғалық шығанағы, А 130° қалдық қойманың солтүстік жағалауынан 0,7 км – 1%, бұқта Бертыс, А 210° Зеленый аралынан 6,5 км – 1%,

бұқта Бертыс, А 107° ТЭЦ б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 1,2 км – 1%, бұқта Бертыс, А107° ТЭЦ б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 3,1 км - 1%, Сарышаған шығанағы, А 128°АО "Балқашбалық" б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 2,3 км – 1%. Қалған тұстамаларда тірі қалған дафниялар 100% көрсетті. Алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді. (7. 7.1-қосымшалар).

8.13 Ихтиологиялық мониторинг. Балық терісіндегі сынаптың мөлшері

2019 жылдың шілде, тамыз айларында Нұра (Балықты т/ж стансасы), Самарқан және Ынтымақ су қоймаларында ихтиологиялық сынама алынды. Барлығы 4 түрлі 1-5 жылдыкка дейін 60 дара ағзалар алынды (6 кесте).

Балық етіндегі сынап мөлшерінің шекті жол берілген шоғыры:

- 0,3 мг/кг –жыртқыш емес тұщы судағы балық,
- 0,6 мг/кг - жыртқыш тұщы судағы балық.

Балық етіндегі сынаптың мөлшері мүлдем болмауынан 0,16 мг/кг дейін болды.

Ынтымақ су қоймасындағы жыртқыш емес тұщы судағы балықтағы сынаптың максималды мөлшері 0,022 мг/кг-0,094 мг/кг, жыртқыш балық сынамасында 0,10 мг/кг - 0,16 мг/кг.

Нұра өзені, Балықты т/ж стансасы тұстамасындағы жыртқыш емес тұщы су балығындағы жалпы сынаптың ең үлкен мөлшері 0,005 мг/кг аз болды. жыртқыш балық сынамасында сынаптың мөлшері 0,009-0,034 мг/кг

Самарқан су қоймасындағы жыртқыш емес тұщы су балығындағы жалпы сынаптың ең үлкен мөлшері 0,021 мг/кг, жыртқыш балық сынамасында– 0,054 мг/кг (6 –кесте).

2019 жылғы шілдедегі, тамыздағы кәсіптік балықтар терісіндегі сынаптың мөлшері (морфометриялық сипаты, сынамадағы жалпы сынаптың шоғыры)

6-кесте

N р/с	Түр атауы	L, см	Q, г	жасы, жыл	Сынап мөлшері, мг/кг
Нұра өзені, Балықты теміржол стансасы (шілде)					
1	Табан балық	18,7	140,0	3+	<0,005
2	Табан балық	17,0	110,0	3+	<0,005
3	Табан балық	20,3	122,0	3+	<0,005
4	Табан балық	20,2	125,8	3+	<0,005

N p/c	Түр атауы	L, см	Q, г	жасы, жыл	Сынап мөлшері, мг/кг
5	Табан балық	20,0	124,0	3+	<0,005
6	Кәдімгі алабұға*	18,2	87,0	3+	0,034
7	Кәдімгі алабұға*	18,0	83,0	3+	0,026
8	Кәдімгі алабұға*	17,5	79,0	3+	0,029
9	Кәдімгі алабұға*	10,0	19,0	1+	0,009
10	Кәдімгі алабұға*	8,0	16,5	1+	0,009
Самарқан су қоймасы (шілде)					
11	Табан балық	19,0	140,0	3+	0,014
12	Табан балық	19,0	141,0	3+	0,016
13	Табан балық	20,2	160,0	3+	0,020
14	Табан балық	20,5	122,0	3+	0,011
15	Табан балық	20,7	125,0	3+	0,011
16	Табан балық	17,0	120,0	2+	0,011
17	Табан балық	17,0	119,0	2+	0,009
18	Табан балық	15,0	112,0	2+	0,010
19	Табан балық	15,2	114,0	2+	0,011
20	Табан балық	14,0	95,0	2+	0,008
Ынтымақ су қоймасы (шілде)					
21	Табан балық	21,2	174,0	3+	0,094
22	Табан балық	22,0	138,0	3+	0,082
23	Табан балық	23,0	180,0	3+	0,10
24	Бозша мөңке	14,0	119,0	2+	0,026
25	Бозша мөңке	17,0	173,0	2+	0,050
26	Бозша мөңке	17,3	185,0	2+	0,062
27	Бозша мөңке	17,0	180,0	2+	0,057
28	Торта балық	14,0	40,0	3+	0,024
29	Торта балық	11,5	32,0	2+	0,022
30	Торта балық	11,0	35,0	3+	0,025
Нұра өзені, Балықты теміржол стансасы (тамыз)					
31	Өзеналабұғасы*	17,6	113,0	3+	0,045
32	Өзеналабұғасы*	18,0	110,0	3+	0,042
33	Өзеналабұғасы*	21,0	130,0	5+	0,050
34	Өзеналабұғасы*	23,0	136,0	5+	0,053
35	Торта балық	13,8	41,0	3+	<0,005
36	Торта балық	13,6	40,5	3+	<0,005
37	Торта балық	13,0	37,7	3+	<0,005
38	Табан балық	18,2	157,0	3+	<0,005
39	Табан балық	17,5	152,0	3+	<0,005
40	Табан балық	26,7	405,0	4+	<0,005
Самарқан су қоймасы (тамыз)					
41	Табан балық	21,0	318,0	4+	0,019

N р/с	Түр атауы	L, см	Q, г	жасы, жыл	Сынап мөлшері, мг/кг
42	Табан балық	24,5	358,0	4+	0,021
43	Табан балық	24,8	360,0	4+	0,020
44	Табан балық	16,7	150,0	3+	0,010
45	Табан балық	17,5	149,0	3+	0,012
46	Табан балық	16,9	162,0	3+	0,016
47	Өзеналабұғасы*	18,4	118,0	3+	0,054
48	Өзеналабұғасы*	19,5	117,0	3+	0,040
49	Торта балық	14,0	39,0	3+	0,012
50	Торта балық	15,0	47,0	3+	0,011
Ынтымақ су қоймасы (тамыз)					
51	Табан балық	27,0	430,0	4+	0,078
52	Табан балық	32,2	540,0	4+	0,086
53	Бозша мөңке	21,0	270,0	4+	0,069
54	Бозша мөңке	24,0	295,0	4+	0,052
55	Бозша мөңке	25,0	317,0	5+	0,082
56	Өзеналабұғасы*	17,0	97,0	3+	0,14
57	Өзеналабұғасы*	20,0	118,0	3+	0,16
58	Өзеналабұғасы*	19,0	107,0	3+	0,11
59	Өзеналабұғасы*	19,2	110,0	3+	0,10
60	Өзеналабұғасы*	20,2	115,0	3+	0,10

* - ЖЫРТҚЫШ БАЛЫҚТАР

8.14 Қарағанды облысының радиациялық гамма-фоны


Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 5 метеорологиялық стансада (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Керней, Родниковский ауылы) және Қарағанды қаласының (№5 ЛББ), Теміртау қаласының (№2 ЛББ) 2 автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (8.10 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,05-0,47 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,16 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

8.15 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (8.10-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8 – 2,0 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



8.10 сур. Қарағанды облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

9. Қостанай облысының қоршаған ортажай-күйі

9.1 Қостанай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (9.1-сур., 9.1-кесте).

9.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекеттің нөмірі	Іріктеу мерзімі	Бақылаулардың өткізуі	Бекеттің мекенжайы	Анықталғыш қоспа
1	тәулікте 3 рет	қол күшімен сынама алынатын бекеттер (дискретті әдістер)	Қайырбеков көшесі, 379; тұрғын ауданы	қалқыма бөлшектері, (шаң) күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді
3			Досжанова көш-сі 43, қала орталығы	
2	Әр 20 минут	үздіксіз режимде	Бородина көшесі №142 үйдің ауданында	PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртек оксиді, диоксид және оксид азоты, күкірт диоксиді
4			Маяковского көшесі -	

			Волынова	гамма сәулелену қуаттылығының эквиваленттік дозасы
--	--	--	----------	--



9.1-сурет. Қостанай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық желісінің бақылау деректері бойынша (сурет 9.1), атмосферлық ауа ластануының деңгейі **көтеріңкі деңгеймен** бағаланды, СИ = 3,5 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ = 5% (көтеріңкі деңгей) азот диоксиді бойынша №2 бекет ауданында (Бородина көшесі №142 үйдің ауданында) мәндерімен анықталды (сурет. 1, 2).

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

PM-2,5 қалқыма бөлшектері (шаңдар) 1,6 ШЖШ_{м.б.} құрады, азот диоксиді– 3,5 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді– 2,9 ШЖШ_{м.б.}, көмертек оксиді – 1,8 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,8 ШЖШ_{м.б.} басқа ластаушы заттардың максималды бірлік шоғырлары ШЖШ-дан асқан жоқ (кесте).

Ауаның жоғары ластануы (ЖЛ) және экстремальді жоғары ластануы (ЭЖЛ) байқалмады.

9.2 Рудный қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.2-сур., 9.2-кесте).

9.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекеттің нөмірі	Іріктеу мерзімі	Бақылаулардың өткізуі	Бекеттің мекенжайы	Анықталғыш қоспа
-----------------	-----------------	-----------------------	--------------------	------------------

5	Әр 20 минут	үздіксіз режимде	Молодой Гвардии көшесі	PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртек оксиді, азот диоксиді және оксиді, күкірт диоксиді, гамма сәулелену қуаттылығының эквиваленттік дозасы
6			Мешіт қасында	



9.2-сурет. Рудный қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық желісінің бақылау деректері бойынша (сурет 9.2), атмосфералық ауа ластануының деңгейі **көтеріңкі деңгеймен** бағаланды, СИ=1,7 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ =1% (көтеріңкі деңгей) азот диоксиді бойынша № 5 бекет аумағында (Молодая гвардия көшесін бұрышымен 4-ші тұйықтық көше) мәндерімен анықталды (сурет. 1, 2).

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

PM-10 қалқыма бөлшектері максималды бір реттік шоғыры 1,4 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді -1,7 ШЖШ_{м.б.}, күкірт диоксиді 1,6 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді - 1,1 ШЖШ_{м.б.} болып, басқа ластау заттары ШЖШ-дан аспады (1 кесте).

Ауаның жоғары ластануы (ЖЛ) және экстремальді жоғары ластануы (ЭЖЛ) байқалмады.

9.3 Қарабалық кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (9.3-сур., 9.3-кесте).

9.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекеттің нөмірі	Іріктеу мерзімі	Бақылаулардың өткізуі	Бекеттің мекенжайы	Анықталғыш қоспа
-----------------	-----------------	-----------------------	--------------------	------------------

13	Әр 20 минут	үздіксіз режимде	Гагарин көшесі, 40 «А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді және оксиді, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, күкіртті сутек, озон (жербетті)
----	-------------	------------------	------------------------	---



9.3 сур. Қарабалық кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық желісінің бақылау деректері бойынша (сурет 9.3), атмосферлық ауа ластануының деңгейі **төмен деңгеймен** бағаланды, СИ = 1,5 (төмен деңгей) озон бойынша және ЕЖҚ = 0% (төмен деңгей) мәнімен анықталды (сурет. 1, 2).

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Озонның максималды бір реттік шоғыры 1,1 ШЖШ_{м.б.}, күкіртсутек – 1,5 ШЖШ_{м.б.} басқа ластау заттары ШЖШ-дан аспады (1 кесте).

Ауаның жоғары ластануы (ЖЛ) және экстремальді жоғары ластануы (ЭЖЛ) байқалмады.

9.4 Лисаков қаласы бойынша бақылаудың кездейсоқ мәліметі бойынша атмосферлық ауа ластануының жай-күйі

Лисаков қаласының атмосфералық ауа жай - күйіне бақылау 1 нүктеде (Лисаков қ. - №1 нүкте) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектері (шаң), күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азо оксиді, күкірт сутегі және озон өлшенді.

Эпизодтық бақылау негіздері бойынша Лисаков қаласында максималды-бір реттік шоғырлар қалқыма бөлшектері (шаң) – 5,09 ШЖШ, күкірт диоксиді 7,63 ШЖШ, азот оксиді 4,12 ШЖШ, озон (жербетті) – 3,79 ШЖШ құрады. Басқа ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (9.4-кесте).

**Лисаков қаласы бақылау мәліметі бойынша ластану заттарының
шоғырлануларының ең жоғары деңгейі**

Анықталғыш қоспа	Алу нүктесі	
	№ 1	
	qm мг/м3	qm/ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаңдар)	2,55	5,09
азот диоксиді	0,14	0,70
Күкірт диоксиды	3,81	7,63
Көміртегі оксиді	2,00	0,40
Азот оксиді	1,65	4,12
Күкірт сутегі	0,003	0,38
Озон	0,61	3,79

**9.5 Жітіқара қаласы бойынша бақылаудың кездейсоқ мәліметі
бойынша атмосферлық ауа ластануының жай-күйі**

Жітіқара қаласының атмосфералық ауа жай - күйіне бақылаулар 1 нүктеде (Жітіқара қ. - №1 нүкте) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектері (шаң), күкірт диоксиды, көміртек оксиді, азот диоксиды, азо оксиді, күкірт сутегі және озон өлшенді.

Эпизодтық бақылау негіздері бойынша Жітіқара қаласында максималды-бір реттік шоғырлар қалқыма бөлшектері (шаң) 1,43 ШЖШ, күкірт диоксиді 3,34 ШЖШ, азот оксиді 2,25 ШЖШ, күкіртсутек 8,63 ШЖШ озон (жербетті) 2,01 ШЖШ күкіртсутек құрады. Басқа ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (9.5-кесте).

**Жітіқара қаласы бақылау мәліметі бойынша ластану заттарының
шоғырлануларының ең жоғары деңгейі**

Анықталғыш қоспа	Алу нүктесі	
	№ 1	
	qm мг/м3	qm/ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаңдар)	0,72	1,43
азот диоксиді	0,11	0,55
Күкірт диоксиді	1,67	3,34
Көміртегі оксиді	1,20	0,20
Азот оксиді	0,90	2,25
Күкірт сутегі	0,07	8,63
Озон	0,32	2,01

**9.6 Арқалық қаласы бойынша бақылаудың кездейсоқ мәліметі
бойынша атмосферлық ауа ластануының жай-күйі**

Арқалық қаласының атмосфералық ауа жай - күйіне бақылаулар 1 нүктеде (Арқалық қ. - №1 нүкте) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектері (шаң), күкірт диоксиды, көміртек оксиді, азот диоксиды, азо оксиді, күкірт сутегі және озон өлшенді.

Эпизодтық бақылау негіздері бойынша Жітіқара қаласында күкірт диоксидінің максималды-бір реттік шоғыры 1,21 ШЖШ. Басқа ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (9.6-кесте).

9.6 кесте

Арқалық қаласы бақылау мәліметі бойынша ластану заттарының шоғырлануларының ең жоғары деңгейі

Анықталғыш қоспа	Алу нүктесі	
	№ 1	
	qm мг/м3	qm/ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаңдар)	0,08	0,16
Азот диоксиді	0,00	0,00
Күкірт диоксиді	0,60	1,21
Көміртегі оксиді	0,94	0,20
Азот оксиді	0,01	0,03
Күкірт сутегі	0,01	0,75
Озон	0,02	0,13

9.7 Заречный кенті бойынша бақылаудың кездейсоқ мәліметі бойынша атмосферлық ауа ластануының жай-күйі

Заречный кентінің атмосфералық ауа жай - күйіне бақылаулар 1 нүктеде (Заречный к. - №1 нүкте) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектері (шаң), күкірт диоксиды, көміртек оксиді, азот диоксиды, азо оксиді, күкірт сутегі және озон өлшенді.

Эпизодтық бақылау негіздері бойынша Заречный кентінде күкірт диоксидінің максималды-бір реттік шоғыры 1,95 ШЖШ, қалқыма бөлшектері (шаң) 5,47 ШЖШ, азот диоксиді 2,40 ШЖШ, азот оксиді 7,08 ШЖШ күкіртсутек 4,63 ШЖШ; озон (жербетті) 3,74 құрады. Басқа ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (9.7-кесте).

9.7 кесте

Заречный кентін бақылау мәліметі бойынша ластану заттарының шоғырлануларының ең жоғары деңгейі

Анықталғыш қоспа	Алу нүктесі	
	№ 1	
	qm мг/м3	qm/ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаңдар)	2,73	5,47
азот диоксиді	0,48	2,40
Күкірт диоксиды	0,98	1,95
Көміртегі оксиді	1,20	0,20

Азот оксиді	2,83	7,08
Күкірт сутегі	0,04	4,63
Озон	0,60	3,74

9.8 Дружба кенті бойынша бақылаудың кездейсоқ мәліметі бойынша атмосферлық ауа ластануының жай-күйі

Дружба кентінің атмосфералық ауа жай - күйіне бақылаулар 1 нүктеде (Дружба к. - №1 нүкте) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектері (шаңдар), күкірт диоксиды, көміртек оксиді, азот диоксиды, азот оксиді, күкірт сутегі және озон өлшенді.

Эпизодтық бақылау негіздері бойынша Дружба кентінде қалқыма бөлшектері (шаң) ШЖШ максималды-бір реттік шоғыры 1,78 ШЖШ; күкірт диоксиді 2,94 ШЖШ, күкіртсутек 1,88 ШЖШ құрады. Басқа ластанушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (9.8-кесте).

9.8 кесте

Дружба кентін бақылау мәліметі бойынша ластану заттарының шоғырлануларының ең жоғары деңгейі

Анықталғыш қоспа	Алу нүктесі	
	№ 1	
	qm мг/м3	qm/ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаңдар)	0,89	1,78
Азот диоксиді	0,05	0,13
Күкірт диоксиды	1,47	2,94
Көміртегі оксиді	1,20	0,2
Азот оксиді	0,28	0,69
Күкірт сутегі	0,02	1,88
Озон	0,12	0,72

9.9 Қостанай облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау Қостанай метеостанциясында алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді.

Қостанай МС жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады, кадмийдан басқа.

Кадмий шоғыры Қостанай МС 1,63 ШЖШ құрады.

Жауын-шашын сынамаларында сульфаттар 25,47 %, гидрокарбонаттар 27,88 %, хлоридтер 14,01 %, кальций иондары 10,98 %, натрий 9,52 % болды.

Ең үлкен жалпы минерализация 60,49 мг/дм³, электр өткізгіштік – 102,55 мкСм/см құрады.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы нейтралды сипатқа ие болды (6,36).

9.10 Қостанай облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

Қостанай облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 11 су нысанында Тобыл, Әйет, Тоғызақ, Уй, Обаған, Желқуар, Қараторғай өз., Аманкелді, Қаратамар, Жоғарғы Тобыл, Шортанды су қоймаларында өткізілді.

Тобыл өзені өз басын Көкпекті және Бозбие өзендерінің бірігу орнынан Оңтүстік Орал таулары арасында, Қостанай облысындағы далада және кең далаларда ағып жатыр. Қазіргі уақытта Тобыл су айдыны су қоймаларының каскадының көмегімен реттеледі. Желқуар (Жітіқара қ), Верхнетобольское (Лисаковск қ), Қаратамар, Сергеевское (Рудный қ) және Амангелді (Қостанай қ) су қоймалары құрылды. Бұдан әрі, Ресей Федерациясының Қорған, Түмен облысы арқылы Тавды, Тура, Исети, Обаған, Уй, Әйет, Тоғызақ өзендерінің суларын сіңіріп, ежелгі орыс Тобольск қаласының аймағында Ертіс өзеніне ағылады.

Бірыңғай классификация бойынша судың сапасы келесідей бағаланады:

Тобыл өзені:

Аққарға а. тұстамасы, ауылдан ОШ қарай 1 км г/б тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций -741,5 мг/дм³, магний -905,9 мг/дм³, минералдау -16394,9 мг/дм³, сульфаттар – 2689,7 мг/дм³, хлоридтер -7763,6 мг/дм³, ХПК -66,9 мг/дм³, қалқыған заттар -57,2 мг/дм³. Кальций, магний, минералдау, хлоридтер, сульфаттар, ХПК және қалқыған заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-Гришенка а. тұстамасы, ауылдан 0,2 км төмен г/б тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер - 381,7 мг/дм³. Хлоридтер нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-Қостанай қ. тұстамасы, Қалсуарна Басқармасы 1 км жоғары: су сапасы 5 класқа жатады: никель – 0,120 мг/дм³. Никель нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-Қостанай қ. тұстамасы: Қостанай қ. 10 км төмен судың сапасы 5 класқа жатады: никель – 0,120 мг/дм³. Никель нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-Милютинка а. тұстамасы, ауыл шетінде, г/б жармасында: судың сапасы 5 класқа жатады: никель – 0,134 мг/дм³. Никель нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Тобыл өзенінің ұзындығы бойынша судың температурасы 17,9-20,6⁰С , сутегі көрсеткіші 8,81-9,20 еріген оттегі концентрациясы 6,71-8,46 мг/дм³, ОБТ₅ - 1,99-3,22 мг / дм³ барлық жармаларда

Тобыл өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы (>5 класс) жатады: магний – 185,5 мг/дм³, хлоридтер -1485,6 мг/дм³, минералдау -3444,5 мг/дм³.

Әйет өзені

Әйет өзенінде судың температурасы 13,2-20,6 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші 8,64-9,00 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 6,81-10,75 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,2-4,05 мг/дм³.

Варваринка а. тұстамасы, ауылдан 0,2 км жоғары, г/б жармасында: су сапасы 5 класқа жатады: никель – 0,140 мг/дм³. Никель нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Обаған өзенінде су температурасы 21,2 °С, сутегі көрсеткіші – 9,2, еріген оттегінің концентрациясы – 5,9 мг/дм³, ОБТ₅ – 4,48 мг/дм³,

-Ақсуат а. тұстамасы, ауылдан 4 км г/б тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс) сульфаттар – 1230,0 мг/дм³, хлоридтер -2127,0 мг/дм³, минералдау – 7474,5 мг/дм³. Сульфаттар, хлоридтер және минерализация нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Тоғызак өзенінде судың температурасы 11,6-18,6 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші 8,81-9,13 тең, еріген оттегінің концентрациясы -7,61- 9,28 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,09-6,02 мг/дм³

Тоғызак а. тұстамасы,: Тоғызак ст.СБ 1,5 км, г/б тұстамасында судың сапасы 5 класқа жатады: никель – 0,176 мг/дм³. Никель нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Үй өзені

Үй өзенінде судың температурасы 20,4 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші 9,13 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы – 10,26 мг/дм³, ОБТ₅ – 5,44 мг/дм³, түстілік – 17 градус, иісі -1 балл.

Уйское а. тұстамасы,: Уйское а Ш қарай 0,5 км, г/б тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыған заттар -50,5 мг/дм³ Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Желқуар өзені

Желқуар өзенінде судың температурасы 19,0 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші 9,45 тең, еріген оттегінің концентрациясы – 12,92 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,23 мг/дм³, түстілік –12 градус, иісі -0 балл.

Чайковское а тұстамасы, ауылдан ОШ қарай 0,5 км, г/б тұстамасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс) жатады: хлоридтер – 460,9 мг/дм³. Хлоридтер нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Аманкелді су қоймасы

Аманкелді су қоймасында судың температурасы 19,2 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші – 8,81 тең, еріген оттегінің концентрациясы – 8,30 мг/дм³, ОБТ₅ – 3,07 мг/дм³, түстілік – 15 градус, иісі -0 балл.

- Қостанай қ. тұстамасы: Қостанай қ. ОБ қарай 8 км, г/б жармасында су сапасы 5 класына: никель – 0,143 мг/дм³. Никель нақты концентрациялары фондық кластан асады.

Қаратомар су қоймасы

Қаратомар су қоймасында судың температурасы 19,0 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші 9,22 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 11,7 мг/дм³, ОБТ₅ 3,89 мг/дм³, түстілік – 21 градус, иісі -1 балл.

- -Береговое а, су қойма гидро құрылысынан ОБ қарай 3,6 км, г/б тұстамасында су сапасы 5 класына: никель – 0,184 мг/дм³. Никель нақты концентрациялары фондық кластан асады.

Жоғарғы тобыл су қоймасы

Жоғарғы Тобыл су қоймасында судың температурасы 19,0 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші – 9,17 тең, еріген оттегінің концентрациясы - 8,78 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,30 мг/дм³, түстілік – 8 градус, иісі -0 балл.

- -Лисаковск қ.: Лисаковск қ. Б қарай 5 км, г/б жармасында судың сапасы 5 класына жатады: никель -0,145 мг/дм³. Никель нақты концентрациялары фондық кластан асады.

Шортанды су қоймасы

Шортанды су қоймасында судың температурасы 18,5 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші – 9,19 тең, еріген оттегінің концентрациясы – 9,57 мг/дм³, ОБТ₅ – 1,27 мг/дм³, түсі – 10 градус, иісі -0 балл.

-Жітіқара қ.: тұстамасы, көпір ауданында судың сапасы нормаланбайды (>5 класс): минерализация-2369,9 мг/дм³, хлоридтер – 896,3 мг/дм³. Минерализация және хлоридтер концентрациялары фондық кластан асады.

Қараторғай өзені

Қараторғай өзенінің ұзындығы судың температурасы 20,5 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші 8,93 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 6,54 мг/дм³, ОБТ₅ – 2,9 мг/дм³.

-Урпек а. тұстамасы,: ауыл шетінде, г/б жармасында су сапасы 4 класына жатады: магний -30,4 мг/дм³.

-Торғай а. тұстамасы,: ауыл шетінде, г/б жармасында судың сапасы 5 класына жатады: никель– 0,177 мг/дм³.

Қараторғай өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 5 класына жатады: никель 0,132 мг/дм³.

Бірыңғай жіктеме бойынша 2019 жылғы 3 тоқсанда Қостанай облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы келесідей бағаланады: 5 класс- Әйет, Қараторғай, Тоғызак өзендері, Қаратомар, Амангелді, Жоғарғы Тобыл су қоймалары, нормаланбайды (> 5 класс) - Тобыл, Обаған, Үй, Желқуар, Шортанды су қоймалары.

9.11 Қостанай облысының радиациялық гамма-фоны

6 метеорологиялық стансада (Қостанай, Қарабалық, Қарасу, Жітіқара, Қараменді, Сарыкөл) күнделікті жергілікті мекенде гамманың сәуле шығару деңгейін бақылауы және 4 автоматты бекеттерде Қостанай қ. (№2 ЛББ; №4 ЛББ), Рудный қ. (№5 ЛББ; №6 ЛББ) атмосфералық ауанын ластануының бақылауы жүргізілді (9.6 сурет).

Радиациялық гамма-фонның жер беті қабатындағы орташа маңызы облыстың жергілікті мекендерінде 0,05-0,22 мкЗв/ч шегінде болды. Облыста орташа радиациялық гамма-фон 0,11 мкЗв/ч құрап және шекті жағдайда болды.

9.12 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Жер беті қабатындағы радиоактивті ластануларға бақылау Қостанай облысы аумағында 2 метеорологиялық стансада (Жітіқара, Қостанай) горизонтальный планшеттермен ауаның сынамасын алу жолымен жүргізілді (9.6 сурет). Стансада бес тәуліктік сынама алу жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфералық жер беті қабатындағы тәуліктік орташа радиоактивтік түсу тығыздығы 0,6-2,1 Бк/м² шегінде ауытқыды. Облыс бойынша түсу тығыздығының орташа көлемі 1,3 Бк/м² құрады, ол шекті болу деңгейінің асқан жоқ.



9.6 сур. Қостанай облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

10 Қызылорда облысының қоршаған орта жай-күйі


10.1 Қызылорда қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (10.1-сур., 10.1-кесте).

10.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Төреқұлова к-сі,76	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутегі
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Берденова к-сі, 6	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді
3			Қойсары батыр к-сі	қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, формальдегид



10.1 сур. Қызылорда қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі жоғары болып бағаланды, СИ=3,8 (көтеріңкі деңгей), ЕЖҚ=1% (төмен деңгей) анықталды.

Жалпы қала бойынша орташа айлық шоғырлар күкірт диоксиді – 1,0 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,2 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жалпы қала бойынша максималды-бірлік шоғырлары көміртегі оксиді – 3,8 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 2,3 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,4 басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады .


10.2 Ақай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (10.2-сур., 10.2-кесте).

10.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Қорқыт-Ата көшесі, н/з	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, формальдегид



10.2-сурет. Ақай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

Атмосфераның ластануын жалпы бағалау. Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.2-сур.) атмосфералық ауаның жалпыластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, СИ=1,5 және ЕЖҚ=0% анықталды.

Жалпы кент бойынша орташа айлық шоғырлар озон – 2,3 ШЖШ_{0.т.}, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Максималды-бірлік ластаушы заттардың шоғырлары азот диоксиді – 1,1 ШЖШ_{м.б.}, озон – 1,5 ШЖШ_{м.б.}, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

10.3 Төретам кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (10.3-сур., 10.3-кесте).

10.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұратбаев көшесі, 51 «А»	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, формальдегид



10.4 сур. Қызылорда қаласы бойынша экспедициялық бақылаудың маршруттық бекеттерінің орналасу сызбасы

2019 жылдың 3 тоқсанында Қызылорда облысы бойынша жүргізілген экспедициялық зерттеулер бойынша қалқыма заттардың, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің бар болуы норма шегінде болды.

**2019 жылдың 3 тоқсанына Қызылорда қаласының экспедициялық бақылау деректері бойынша
атмосфералық ауаның жай-күйіне сипаттама**

Елді мекенденнің атауы	Максимальді-бір реттік шоғыр, ШЖШ							
	Қалқыма заттар		Күкірт диоксиді		Азот диоксиді		Көміртегі оксиді	
	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі
«Ақмешіт» шағынауданы	0,04	0,1	0,061	0,1	0,03	0,1	0,8	0,2
Солтүстік өндірістік аймағы	0,04	0,1	0,063	0,1	0,03	0,1	0,8	0,2
Бакалейторг аймағы	0,04	0,1	0,059	0,1	0,06	0,3	0,8	0,2
Балабақша «Шугла»	0,04	0,1	0,058	0,1	0,02	0,1	0,8	0,2
Оңтүстік өндірістік аймағы	0,04	0,1	0,059	0,1	0,02	0,1	0,7	0,1

**2019 жылдың 3 тоқсанына Қызылорда облысының эпизодтық бақылау деректері бойынша
атмосфералық ауаның жай-күйіне сипаттама.**

Нүктенің күні	Максимальді-бір реттік шоғыр, ШЖШ							
	Қалқыма заттар		Күкірт диоксиді		Азот диоксиді		Көміртегі оксиді	
	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ асу еселігі
Шиелі	0,05	0,1	0,033	0,1	0,02	0,1	0,9	0,2
Жанақорған	0,05	0,1	0,018	0,0	0,01	0,0	0,8	0,2
Қармақшы	0,06	0,1	0,154	0,3	0,04	0,2	0,9	0,2
Арал	0,04	0,1	0,036	0,1	0,01	0,0	0,8	0,2

10.5 Қызылорда облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияларда (Арал теңізі, Жусалы, Қызылорда) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді (10.5 сур.).

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті рұқсат етілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады.

Жауын-шашын сынамаларында сульфаттар 32,99%, гидрокарбонаттар 21,68 %, натрий иондары 9,95%, хлоридтер 14,51 %, кальций иондары 9,50 % болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Жусалы МС – 114 мг/дм³, ең азы Қызылорда МС – 56,57мг/дм³ белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электр өткізгіштігі 90,59 мкСм/см-ден (Қызылорда) 212,97 мкСм/см (Жусалы МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы бейтарап орта сипатта, 6,79 (Жусалы МС) – 6,82 (Арал теңізі МС) аралығында болды.



10.5 сур. Қызылорда облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

10.6 Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 2 нүсанында (Сырдария және Арал теңізі) жүргізілді.

Біріңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

Сырдария өзені:

- Төменарық бекеті, Түркістан қаласынан ОБ 46 км тұстамасында су сапасы 4 классқа жатады: магний – 40,643 мг/дм³, минерализация – 1558,665 мг/дм³, сульфаты – 463,333 мг/дм³. Магнийдің концентрациясы фондық кластан аспады, минерализация және сульфат концентрациясы фондық кластан асты.

- Қызылорда қаласы, 3 км қаладан төмен тұстамасында су сапасы 4 классқа жатады: магний – 38,627 мг/дм³, минерализация – 1524,597 мг/дм³, сульфаты – 470 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспады, сульфат және минерализация концентрациясы фондық кластан асты.

- Қазалы қаласы, қаланың ОБ бөлігінен 3 км, су бекетінде тұстамасында су сапасы 4 классқа жатады: магний – 38,62 мг/дм³, минерализация – 1488,314 мг/дм³, сульфаты – 470 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспады, сульфат және минерализация концентрациясы фондық кластан асты.

- Қызылорда қаласы, 0,5 км қаладан жоғары, 12 км су бекетінен төмен тұстамасында су сапасы 4 классқа жатады: минерализация – 1502,402 мг/дм³, сульфаты – 460 мг/дм³, магния – 32,54 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық концентрация фондық кластан аспады, сульфат және минерализация концентрациясы фондық кластан асты.

- Жосалы кенті, су бекетінде тұстамасында су сапасы 4 классқа жатады: магний – 40,647 мг/дм³, минерализация – 1519,151 мг/дм³, сульфаты – 465,333 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспады, минерализация және сульфат концентрациясы фондық кластан асты.

- Қаратерең ауылы, су бекетінде тұстамасында су сапасы 4 классқа жатады: магний – 44,693 мг/дм³, минерализация – 1518,003 мг/дм³, сульфаты – 466,667 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспады, сульфат және минерализация концентрациясы фондық кластан асты.

Сырдария өзені бойымен: өзен суының температурасы 18,4 – 27,2°C, сутектік көрсеткіштің орташа мәні 6,9-8,0, суда еріген оттегінің шоғыры 4,4-6,6 мг/дм³, ОБТ5 орта есеппен 1,2-6,63 мг/дм³, түстілігі 2,0-83, иісі барлық бекеттерде 0 балл.

Сырдария өзені бойы бойынша су сапасы 4 классқа жатады: магний – 39,2 мг/дм³, минерализация – 1518 мг/дм³, сульфаты – 465,8 мг/дм³.

Арал теңізі:

Арал теңізі бойымен: өзен суының температурасы 16,4-25,2°C, сутектік көрсеткіштің орташа мәні 6,6-7,6 суда еріген оттегінің шоғыры 7,1-7,5 мг/дм³, ОБТ5 орта есеппен 1,3-1,5 мг/дм³, түстілігі 16,67-44,5, иіс - 0 балл.

- Арал қаласы, Кіші теңіз жоғарғы бьеф «Көкарал» гидропосты тұстамасында су сапасы бойынша 4 классқа жатады: магний – 42,69 мг/дм³, минерализация – 1667,2 мг/дм³, сульфаты – 490 мг/дм³. Магний концентрациясы фондық кластан аспады, минералдылық және сульфат концентрациясы фондық кластан асты..

Қызылорда облысы аумағында су нысандарының Бірінғай жіктеме бойынша 2019 жылдың 3 тоқсанында су сапасы төмендегідай бағаланды: 4 класс- Сырдария өзені и Арал теңізі.(4-кесте).

10.7 Қызылорда қаласы және Қызылорда облысының экспедициялық бақылау мәліметтері бойынша радиациялық фонының деңгейі

Қызылорда қаласы және Қызылорда облысы бойынша радиациялық гамма-фон (экспозициялық доза қуаттылығы) шекті норма шегінде (0,04-0,20 мкЗв/сағ.) болды, бұл облыс тұрғындары үшін іс жүзінде қауіпті емес.

2019 жылдың 3 тоқсанында 2018 жылдың 3 тоқсанымен салыстырғанда Қызылорда қаласы және Қызылорда облысы бойынша радиациялық гамма-фон мөлшері айтарлықтай өзгермеген.

Елді мекеннің атауы	Елдімекендегі гамма-фон (мкЗв/ч)		
	Минималды	Максималды	Орташа
Шиелі	0,10	0,17	0,13
Жанақорған	0,10	0,15	0,13
Қармақшы	0,07	0,13	0,10
Арал	0,04	0,20	0,10

10.8 Қызылорда облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық станцияларда (Арал теңізі, Шиелі, Қызылорда) және Қызылорда қаласы(№3 ЛББ)мен Ақай(№1 ЛББ),Төретам(№1 ЛББ)кенттерінің3 автоматты бекетінде бақылау жүргізілді (10.4 - сур.).

